

Үгіттік баспа материалдарын орналастыру орнын белгілеу туралы

Күші жойған

Алматы облысы Сарқан ауданы әкімдігінің 2011 жылғы 28 ақпандағы N 83 қаулысы. Алматы облысының Әділет департаменті Сарқан ауданының Әділет басқармасында 2011 жылы 03 наурызда N 2-17-96 тіркелді. Күші жойылды - Алматы облысы Сарқан ауданы әкімдігінің 2011 жылғы 13 желтоқсандағы N 463 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Алматы облысы Сарқан ауданы әкімдігінің 13.12.2011 N 463 қаулысымен.

Р Қ А О е с к е р т п е с і .

Мәтінде авторлық орфография және пунктуация сақталған.

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы" Заңының 28-бабының 6-тармағына сәйкес аудандық сайлау комиссиясымен келісе отырып, аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Президенттікке үміткерлердің үгіттік баспа материалдарын орналастыру орындары қосымшаға сәйкес белгіленсін.
2. Поселкелік, ауылдық округтерінің әкімдері белгіленген орынға стендтер, тақталар және тұғырлықтар орналастырсын.
3. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары **Ғ. М а м а н б а е в қ а** жүктелсін.
4. Осы қаулы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

Ә. Жақанбаев